

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

**№ 11 «ЖҰЛДЫЗ» ОРТАҢҒЫ ТОБЫ
«АЛТЫН КҮЗ» ертеңгілігі
Музыка жетекшісі: Қорғанбаева Р.Ж
Тәрбиешілері: Абдыкова А.Т, Таухабаева И.М
2025-2026 оқу жылы**



Алтын күз! ертеңгілік.

Мақсаты: Балаларды күз әлемімен таныстыруды жалғастыру.

Күз мезгіліндегі өнім көкөністерден көрініс сахналандыру.

Балалардың ойын, ән, билер арқылы күзгі мерекелік көңіл-күйлерін көтеру. Табиғатты сүйіп, қорғауға, аялауға тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Міне, өлкемізге алуан түсті жапырақтарымен толқып, билеп күз де жетті.

Күздің келуін бәріміз де асыға күттік. Ал, күз бізге мол өнімдерін сыйға тартуда.

(Әуен ойналады. Жапырақтар биін билеп балалар келеді. Би аяқталған соң өз орындықтарының қасына барып тұрады.)

Ән: «Жау-жау жаңбыр жеріме!»



Жүргізуші: Армысыздар балақайлар, «Келді міне Алтын күз» мерекесін бізбен бірге өткізуге қош келіпсіздер!

Бүгін мейрам, бүгін той

Қуаныш күн, біліп қой

Күзгі бақта сыңғырлап

Алақанды ұрып қой.

Қонақтардың көңіл-күйін көтеру үшін қолдарымызды бұлғап амандасайық!

(Балалар қолдарын бұлғайды)

Жарайсыңдар балалар! Қонақтар мен балалардың жүзінен қуаныш пен шаттықтың ізін байқайық!

Бағбаншы: кіреді.

Жүргізуші: Сіз кімсіз? Қайдан келдіңіз?

Бағбаншы: Бақша, бақты күтетін бағбаншымын. Балаларды мейрамымен құттықтауға келдім. Ал сендер неге жалғызсыңдар? Күз ханшайымы қайда?

Жүргізуші: Біз сізбен келеді деп ойладық.

Бағбаншы: Мен күз ханшайымын көрген жоқпын, ол орманда адасып қалған шығар.

Жүргізуші: Келіп қалатын шығар тосайық, оған дейін көкөністер мен жемістерді қазір өздерін таныстырсың.

Күз туралы тақпақтар:

Махаббат.

Алақай- алақай!

Шаттанды балақай!

Күз түсті, дән пісті

Айтамыз алғысты

Мариям.

Жел тынымсыз гуілдеп,
Болып кетті тым бұзық.
Шуылдайды тал терек,
Жапырағын жұлғызып.

Имран.

Берекесін сыйлауға,
Өлкемізде күз келді.
Жемістерін жинауға,
Шақырады біздерді.

Еңлік.

Көк майсалы көрікті,
Алқаптағы көк егін.
Бұл күндері киіпті,
Сары жібек көйлегін.

Айсана.

Сарғайды тоғай,
Сап-сары маңай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып.

Ойын: «Көрікті күз жемісі»



Шарты: Бағбаншының әкелген күзгі жемістерімен ойын. Себетке жемістерді және көкөністерді бөліп жинау.

Бағбаншы: керемет, жарайсындар балалар! Енді сіздерге өзім әкелген жаз бойы өсіріп баптаған жемістерімді тарту етемін.

Жүргізуші: рахмет Бағбан ағай, жемістеріңіз көп болсын.

«Саңырауқұлақтар» биі

Ұлдарымыздың биі



Бағбаншы: балалар менің күзгі жемістерімді жинап алатын уақытым тығыз, келесі жылы кездескенше сау болыңдар!

Жүргізуші: Сау болыңыз Бағбан ағай!

Күз ханшайымы.

Береке бақ дарыған
Жомарт көңіл жарқын күз
Сары алтынға малынған
Мен Күз ханшайымымын.
Сендерді көргеніме өте қуаныштымын.

Жүргізуші: Қош келдің, Күз ханшайымы! Төрлет!
Бүгінгі мерекеміздің қонағы бол, балалардың өнерін тамашалайық.

Ойын: «Түрлі түсті жапырақ»

Шарты: Себетке жерде шашылып жатқан тьүрлі-түсті жапырақты түсіне қарай жинақтау.



Би: «Себеттер»

Қыздарымыздың биі



Күз ханшайымы: Өте жақсы, балалар, рахмет.

Күз ханшайымы: Өте қызықты ертегі екен. Рахмет, балалар.

Күз ханшайымы: Қандай керемет шеттеріңнен өнерлі екенсіңдер Ендеше мені басқа балалар тосып отыр, Сау болыңдар балалар!, Келгенше жыл айналып. (Күз кетеді)

Балалар: Күз ханшайымымен қоштасады.

Жүргізуші: Осымен «Балбөбек» тобының «**Алтын күз**» атты ертеңгіліміз аяқталды.

Күзге айтарымыз берер сыйы жылдан жылға көп болсын. Елімізде тыныштық, береке болсын!

